




# БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Білім беру және психологиялық  
зерттеулер





Кітап: Білім беруге кіріспе

Дәріс: Білім беру және психологиялық зерттеулер

Сана қалай жұмыс жасайды, білім беру адамдарға қалай әсер етеді деген сұрақтардың жауабы психологтарды бұрынғыдан бетер қызықтыра түсуде. Дәрістерімізде осығанға дейін сөз еткен теориялық және эмпирикалық еңбектер менталдық процесстер жайлы көп мәлімет бергенімен, зерттеуді қажет ететін бірқатар мәселелер де баршылық. Қазір біз 1970 жылдан бері білім беру саласы үшін маңызды болып келген психологиялық зерттеулер жайлы талқылаймыз. Атап айтсақ:

- оқушылар жайлы қолданыстағы концепцияларға көңіл бөлуге шақыратын конструктивистік теория
- оқыту процессіндегі әлеуметтік өзара әрекеттестік пен қолдаудың маңызына ерекше көңіл бөлетін әлеуметтік конструктивистік теория
- оқушылардың түсінігі мен оқыту стратегияларын бақылай білудің пайдасына ерекше көңіл бөлетін метатаным теориялары
- оқыту тәсілдері арасындағы айырмашылықты нақты ашып көрсете алмағанымен, оқыту тапсырмаларын ақпаратты өңдеудің қажетті стилімен сәйкестендіруді мақсат ететін оқыту стилі теориялары
- оқытуға қажетті қолайлы ортаға арналған оқыту талаптары мен алғышарттары
- бір ғана зияттың орнына көпжақты зиятты алға тартатын көптік зият теориясы
- оқушылардың эмоциялық жағдайына ерекше көңіл бөлетін эмоциялық зият теориясы
- оқыту түрінің барлығы контекстпен байланысты деп есептейтін ситуативті таным теориясы
- ми қызметі жайлы білімнің артып келе жатуы.

## Конструктивизм

Конструктивизм адамдар оқиғаларды өз түсінігіне сай қабылдайды деген идеяға сүйенеді. Бұл оқушы концепциясының дербестігіне ерекше мән үстейді. Ақпаратты өңдеу саласының теоретиктері жеке адамдар концепциясы арасындағы айырмашылық олардың санасының тітіркендіргіштерді қалай қабылдайтынымен байланысты деп есептейді.

## Әлеуметтік конструктивистік теориялар.

### Выготский

1970 жылдан бері, білім беру саласының мамандары орыс психологы Лев Выготскийдің идеяларының маңыздылығын ашық мойындап келеді. Балалардың ғылыми концептілерді үйренуі олардың күнделікті тап келетін концепцияларды қалай қабыл алатындығымен байланысты деген Выготскийдің пікіріне ерекше көңіл бөлетін Коул мен Скрибнердің (1974) зерттеулері мектептен тыс кезде схоластикалық әрекет түрлеріне қажеттілік жоғары болған жағдайда мектепке негізделетін танымдық дағдылардың маңыздылығының арта түсетінін анықтады.

Выготскийдің еңбегі сөйлеудің оқыту құралы ретінде атқаратын рөлінің маңызын да ерекше атап көрсетеді. Буллоқтың атақты баяндамасына (1975) сүйене отырып, 1980 жылдан бастап Ұлыбританияда сыныпта әңгімелесу әдісі енгізілді, ал түрлі есептерде оның оқытудағы маңызын ерекше атап өтті (Assessment of Performance Unit, 1986; Norman, 1992). «Психологиялық құралдар» концептісін Выготскийдің теориясының негізі деуге болады (Kozulin, 2003). Оған белгілер, символдар, мәтіндер, формулалар, графикалық символдық құрылғылар сияқты оқушылардың перцепция, жад, зейін және т.б. «табиғи» психологиялық функцияларын атқаруға көмектесетін «символикалық артефактілер» жатады. Олар «кейбір танымдық әрекеттер мен осы әрекеттердің әлеуметтік-мәдени алғышарттары арасындағы көпір» қызметін атқарады (Kozulin, 1998: 1).

### Брунер

1950 жылдан бері психологияның түрлі салалары бойынша түрлі зерттеулерді іске асырып келген АҚШ психологы Джероми Брунер коммуникативті оқыту үлгілеріне құрылымдық интервенцияның тигізер әсеріне ерекше көңіл бөлді. Ол спиральды оқу жоспары арқылы іске асырылатын жүйелі, құрылымға негізделген оқушы тәжірибесі деген ұғымды алға тартатын білім беру теориясын жасап шығарды; ол бойынша оқушылар өздері тап болған күрделі тақырыптарды қайта қарастыруда осы спиральды оқу жоспарына арқа сүйейді.



## Әлеуметтік конструктивистік теориялардың әсері

Выготский мен Брунердің еңбектерінің педагогикалық алғышарты ретінде коммуникация мен құрылымдық интервенцияның ойлау мен мәселені шешуде атқарар рөлін айтуға болады. Негізінен, оқушылар басқалармен олар үшін жаңа идеяның негізін білдіретінін талқылайтын болса, жаңа идеялар арасындағы күрделі байланыстардың көмегімен ойлауға жол ашылады. Әңгімелесу әдісін қолдана отырып, мұғалімнің оқытуды жеңілдетуінің маңызы өте жоғары. Мұндай кезде оқушыларды дұрыс топтастыра білген жөн. Ортақ қабілетіне қарай топтастырып, жұпқа бөлу жарыссөздер және күрделі идеялармен бөлісу сияқты оқыту түрін дамытуда аса маңызды (Gillies and Ashman, 2003; Rogoff, 1990; 1998).

Мейбин және т.б. (1992) Брунердің (1983) «скаффолдинг» идеясын сабақ кезінде әңгімелесу мақсатында қолданып көрді. Әңгімелесу барысында оқушыларда пайда болатын идеяларға мұғалімдер кезең-кезеңімен сұрақтар қою арқылы оларды бекітіп отырады. Вуд (1988) Брунердің идеясын ары қарай дамытып, оқушыларға қолдау көрсетудің нақты бес деңгейін сипаттап береді. Олар:

1. Жалпы ауызша талпындыру
2. Нақты ауызша тапсырма беру
3. Оқушылардың материалды немесе стратегияларды таңдап алуына көмектесу
4. Топ оқушы үшін материалдарды дайындау
5. Тапсырманы таныстыру.

## Скаффолдинг әдісіне қатысты айтылған сын

Зерттеулер «скаффолдинг» ұғымын оқушыларға нақты бір тапсырманы орындауға көмектесудің нақты тәсілі ретінде емес, керісінше, оқушыларға көрсетілетін көмектің немесе қолдаудың орнын басатын кәсіби лексика ретінде қолдану өте қауіпті екендігін баса айтуда (Mercer and Littleton, 2007).

## Терминдер

Скаффолдинг - адамдар немесе материалдар көрсететін қолдау. Сол қолдау арқылы оқушы өз бетінше қолжеткізе алмайтын дүниеге қол жеткізе алады.

Интервенция - басып кіру, егемендікті, дербестікті бұза отырып ішкі істерге қол сұғу.

## Сұрақтар:

1. 1970 жылдан бері білім беру саласы үшін маңызды болып келген психологиялық зерттеулердің түрлері қандай?
2. Білім беру саласындағы Выготскийдің идеялары қандай?
3. Скаффолдинг әдісі дегеніміз не және оған қандай сын айтылды?